

**Материалы Международной
научной конференции
студентов и молодых ученых
«МИР НАУКИ»**

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Каз)
К14

К14 Сборник международной научной конференции студентов и молодых ученых «Мир науки», приуроченной к 20-летию Государственных символов Республики Казахстан (Казахстан, Алматы, 23 апреля 2012 года). Отв. ред.: Д.Т. Коптилеуова. – Алматы: Әрекет-Принт, 2012. -223 с.

ISBN 9965-14-358-7

В сборник вошли научные статьи студентов и магистрантов, получивших призовые места в Международной научной конференции студентов и молодых ученых «Мир науки», приуроченной к 20-летию Государственных символов Республики Казахстан (Казахстан, Алматы, 23 апреля 2012 года). В статьях освещены актуальные проблемы востоковедения, истории, этнографии, культурологии, восточного языкознания, литературоведения, философии, экономике и политологии. Книга рассчитана на научных работников, преподавателей ВУЗов, студентов, магистрантов, докторантов, а также всех, кто интересуется вопросами востоковедения.

Редакционная коллегия:

д.филол.н Джубатова Б.Н., к.филол.н. Алжанбаева У.Т., д.филол.н.
Надирова, д.филол.н Авакова Р.А., к.и.н. Батпенова З.С.,
к.и.н. Балакаева Л.Т., к.и.н. Таубалдиева Д.С.

Ответственне редакторы:

к.филол.н. Коптилеуова Д.Т., к.и.н. Таубалдиева Д.С.

ISBN 9965-14-358-7

«Голос» 21 стр. 2012

ШЫҒ

В

2011
год прин
Востоку
поспешн
ская вес
нальные
нашей ст

После
баев пост
ко все ча
ций стан
череда ре
руг Иран:
чего" кон
среднеср
становитс
рые, так
с его пост
более вер
леченным
(1) Чтобы
можно проа

Джубатова
Надирова
Авакова
Батпенова
Балакаева
Таубалдиева

«жолға жарайды» дейтін халық мәтелі осыдан шыққан. Орамалдың басқа тартатын шаршы және қиықша түрлері де бар.

Сәукеле – қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімдері аса бай, керемет сәнді бас киімдер ішіндегі ең әшекейлі, әрі күрделі, ұзатылған қыз киетін аса қымбат бағалы ғұрыптық бас киім. Сәукеленің негізін жұқа ақ киізден сырып тігеді де, сыртын қызыл шұғамен тыстап, қымбат бағалы аң терісімен әдіптейді: алтын, күміс әшекейлер, моншақтар тағады; жоғары қарай жіңішке-ре түскен төбесіне үкі қадап, тірсекке түсетін асыл тасты, оқалы лента тігіп, бергегіне бетті көлегейлейтін желек бекітеді.

Қазақ халқының қолынан, міне, осындай сан түрлі киім үлгілері жасалып шыққан. Әсіресе, ұлт өмірінде әйел затына арналған киімдердің ерекше рөлі болғаны анық. Себебі әйел затына ерекше құрметпен қарау дәстүрлі мәдениетіміздің ерекше көрінісі екені күмәнсіз. Халқымыз қыз биланың әсемдігін денесін жалаңаштау арқылы емес, мың құлпырған бояуы қанық, келісті де көрікті киімдері арқылы көрсетуді жөн көрген. Сол сияқты үнді халықтары да ұлттық киімдеріне ерекше назар аударған. Яғни бізге кез келген адамның киімі арқылы оның қандай таптан екенін бірден аңғаруға мүмкіндік береді.

А.Ә. Түргенбай, С.С. Тастанбекова

ҚЫТАЙЛЫҚТАРДЫҢ ДІНИ ТҮРҒЫДАҒЫ О ДҮНИЕЛІК ӨМІР ЖӘНЕ ЖАН ТУРАЛЫ ДӘСТҮРЛІ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Кез келген халықтың дәстүрлі мәдениетінде тылсым, табиғаттан тыс әлем жайлы көзқарастар кездесетіні анық, олар өз кезегінде жалпы мәдениетке орасан зор ықпал етіп, оның түрлі аспектілерінде көрініс табады. Бұл тұста адамның рухани түпнегізі (жаны) жайында, адам өлімінен кейін оның жанына не болмақ, ақыр аяғында ол қайда тап болатыны жайлы, яғни о дүниелік өмір туралы түсініктің маңызды орын алатыны белгілі. Мұндай түрдегі қытайлық мәліметтерді қарастырғанда тағымды мәселе - қайта жаңару немесе бұрынғы қалпына келу мәселесі, сонымен қатар, арғы дүние туралы таза қытайлық (буддизмге дейінгі) көзқарастарды буддизмнің Қытайға еніп және оның таралуынан кейін (нәтижесінде) орныққан пікірлерден ажырата білу мәселесі болып табылады.

Бүгінгі күні Қытайдың көпұлтты мемлекет екенін ескерсек, бұл мақалада біз тек қытай ұлтына тән қалыптасқан дәстүрлі көзқарастарды қарастырып отырмыз.

Қытайлықтар адам өміріндегі түрлі қуанышты мерекелердегі салт-жорадан гөрі о дүниелік бабалар рухына арналған рәсімдерге ерекше назар

ұшырасады. Аталған көзқарас бойынша, хунь жаны адамның рухани негізі болып табылды және сана мен ақыл қызметі осыған байланысты болды. Ал, по жаны, керісінше көп мөлшерде адамның дене пішініне, оның тәнінің жағдайына «жауап береді» деп саналды. Адам өлгеннен соң хунь жаны аспанға кетіп, ал по жаны жерге түседі.

Сонымен қатар тағы бір кең таралған сенімдерге сәйкес, адам өлгеннен кейін оның күрделі немесе тәндік жаны өзінің денесімен қабірде қалып, тәнімен бірге бөлшектеніп ыдыраса, ал жеңіл және өлмес жаны хунь ақыретке жөнелтіледі. Алайда тәжірибеде, өлгеннен кейін адам жаны өз өмір сүруін жалғастырады және өзі өмір сүрген кезеңде өзіне тиесілі болғанының барлығын қолданады деген пікір қалыптасқан. Бұл көзқарас былайша айқындалды: марқұмның жаны жерленгеннен кейін үшке бөлінеді: бірі отбасылық алтарьдағы сол адамның есімі жазылған тақтайшада өмір сүрсе, екіншісі қабірде қалады, ал ендігі үшіншісі болса, арғы дүниеге кетіп, сонда жұмаққа немесе тозаққа тап болады.

Ақыры, адамның бір ғана жаны бар деген тағы да бір ой айтылады. Осыған байланысты, жүкті кезінде болашақ ана және оның туыстары ұрықтың жанына зиян келтірмес үшін (бұл кейде оның жарымжан болуына алып келуі мүмкін еді) оның камын бірлесе ойлау керек болатын [5, 228]. Сонымен, адам жаны ол өлгеннен соң қайда тіршілік етеді? Алғашында, марқұм өзі өмір сүрген кездегі бөлмеде, сосын әдетте оның денесі тыншып жататын қабірде болады. Алайда, ол өзіне арнайы тұрғызылған немесе кез келген ыңғайлы ғимаратта және бөлмеде де бола алады. Бұл мақсатта қайтыс болған ата-бабалар жаны жайлылық табатын үй қабірлері, сонымен қатар, өзі өмір сүрген уақытта ерекше танымал болған о дүниеліктерге құрмет көрсетуге арналған қоғамдық немесе мемлекеттік храмдар да жиі салынып отырды. Марқұмның жаны тіпті аспанды да мекен ете алады – аспан жарығында және ауа кеңістігінде өмір сүруін жалғастырып, жануарлар мен өсімдіктерге айнала алады [4, 32].

Қытайлықтардың түсінігінше, тозақ он шеңберден, нақтырақ айтқанда сатыдан құралды, әрі өзге де қоғамдық ұйымдар секілді шенеуніктік кеңес үлгісінде қабылданды. Бірінші сатыда адам жанына ғарасат қабырғаларында дайындалатын жаза, ал соңғысында келесі реткі дүниеге келудегі оның тағдыры (адам жаны алты жағдайдың біріне – киелі құдірет иесінен аңдар мен өсімдіктерге дейін қайта айналып туыла алды) анықталды. Қайта туылу кезінде тозақ билігі адам жанына өткен өмір айналымы туралы жадынан айыратын ұмыту сусынын береді деп саналды. Солтүстік және Шығыс Қытайда тозақтың ресми әміршісі Дунъюэ дади (Шығыс шыңының Ұлы императоры) – кең таралған сенімге сәйкес, тозақ орналасатын Тайшань тауының құдайы, Сычуань мен Оңтүстік Қытайда бұл рөлді Фэнду дади – Фэнду тауының Ұлы императоры ойнаған болатын. Алайда қа-

рапайым халық арасында барынша көп назар жерасты патшалығынан билеушілерінің ішінде қолдаушылық сұрауға болатын баршаға рақымды бодхисаттва Дицзан – ванға және бесінші кеңсенің кожасы, ең бір саттамайтын, яғни киянатқа бармайтын және айбарлы тозақ төрешісі, шығу тегі бойынша тозақ әміршісі буддалық Ямадан таралған Яньло - ванға арналады [5, 229]. Тозақ түсінігі буддалық сансара және қайта туылу анықтайтын абдидхармамен байланысты пайда болған. Буддалық көзқарастар дәстүрленіп, кейінірек даосизмде өңделді. Екінші жағынан, қытайлықтарда тозақ түсінігінің қалыптасуына орта ғасырда Қытай территориясына енген христиандық миссионерлердің аталған дінге назар аудармайтындар өлгеннен соң тозаққа тап болады дегенді ел арасына таратуы еді [7].

Дәстүрлі Қытай мифологиясында о дүниелік болғандардың барлығы да Диюй (地獄, сөзбе-сөз аударғанда «жерасты соты») деген атауға ие жерасты әлемінен өтеді, мұнда олар аспанға, яғни нирванаға немесе өте әлемде қайта туылу алдында сот алдынан өтеді.

Буддистік көзқарас бойынша, о дүниелік адамның жаны ол өлгеннен кейінгі 7-ші күні қайта туылады не әрбір кезекті 7-ші күні 49-шы күнге дейін, яғни басқаша айтсақ, 7 апта көлемінде адам жаны қайта туылу процесінен өтеді. Және өлген адам жаны осылайша белгісіз күйде жатқанда оның кармасының түзелуінің немесе жақсаруының камын ойлау ерекше маңызды болды. Сондықтан, «жеті жетілік» деген атау алған бұл күндері тіпті Будда заңына немқұрайлы қарайтын отбасыларда да ғибадатханаларға сый тартып, монахтарды ішкізіп-жегізу сияқты түрлі жомарттық таңытып, кіші дін жораларын жасайтын болған.

Таң кезеңінен бастап, «үлкен дін жораларын» - 100 күннен кейін, жыл өткесін және өлгеннен кейінгі үш жылдық мерекесін атап өту кең тарап бастады. Халықтық буддизмнің о дүниеліктерге арналған рәсімдерінің бұл айналымы «тозақтың он әміршісіне» арнап сый тарту деп аталды. Соңғы үш дін жорасы конфуциандық жерлеу рәсімдерімен ұқсастығы бар және солардың, яғни буддистердің ықпалының нәтижесінде пайда болғаны анық. Алайда халықтық сана-сезімде бұл рәсімдер таза қытайлық өмір мен күнәнің «өтеуін төлеп алу» идеясындағыдай дерексіз, ұзын-сонар карманың түсінігімен сонша байланысы болмады, яғни көбінесе бұл өлгендердің арғы дүниенің әміршілерінің алдындағы өзіндік қаржылық борышы ретінде саналды. Алдымен, өлім шақырған жаман күштердің бетін аударып жіберу керек болды. Жақында өлген адам жаны өзінен кейін өте біреуді алып кетуге қайта келуі мүмкін деген қорқынышты сенім ұялады. Осы себепті, көріпкелдердің сәуегейлігі бойынша белгіленген түнде туыстары жиі өз үйлерін тастап кететін болған. Өлікті шығару қарсаңында дұға оқып, айтылған жаман күштерді қорқыту мақсатында барабан ұрғызу үшін монахтарды шақырып, ал бұл өз кезегінде қарапайым адамдар үшін

отырды: жерде неғұрлым бай болған сайын, соғұрлым ол өзінің бірін дүниедегі өмірін салтанатты ете алды. Әрине, сол себепті де о дүниедегі өмірде бәрінен де бұрын император – ең бай адам молшылықта өмір сүрді. Қытайда бұрыннан келе жатқан дәстүрге сәйкес, император үшін мол салу оның таққа отырғаннан кейінгі келесі күннен басталып, оның биік еткен соңғы жылына дейін созылды.

Императорлық қабірлер кең ауқымда тұрғызылды, сонымен қатар, өз кезегінде қымбат, әрі әсем үйлермен тең келіп, кейде тіпті жерүсті әуен сарайларынан да асып түсетін кездері болды. Егер императорлық сарайлар көп жағдайда кірпіш пен ағаштан салынса, ал болашақ молалар мәрмәрмен көмкерілген ірі тастардан тұрғызылды. Бұл көбінесе императорлардың қабірін және олардың сүйегін мәңгілік сақтап қалу мақсатында жасалған.

Деректерге сүйенсек, Қытайда алғашқы орталықтандырылған мемлекеттің негізін қалаушы Цинь Ши – хуанди (б.з.д III ғ.) өзінің жерлеу орнын ретінде Сиань қаласына (Шэньси пров.) жақын жерде орналасқан Лишань таулы жотасын тандап алған. Бұл тауларда яшма мен алтынды молайтқыш

Көп жылдар бойы Цинь Ши – хуанди моласын салуда мыңдаған адамдар еңбек еткен. Алғашында тауда үлкен шұңқыр қазып, сосын таудың түбінде атқылаған бұлақ болғандықтан, суды өзге жаққа бағыттап, ал бұлақтан қалған саңылауды мыс құйып бітеп тастаған. Осы құрылысты тұрғызғандардың барлығын жасырылған қазына туралы құпияны таратпау үшін және оларға жол көрсетпесін деген мақсатпен жер астына көмген. Мазар үстіне топырақтан төбешік жасап, ал төмпешіктің үстіне ағаштар мен бұталар отырғызылған.

Егер марқұм өзі өмір сүрген кезінде үйленген болса, әлбетте, ол арты дүниеде де әйелінің жанында болғанын қажет етеді. Осы тұста жарып ақырғы дүниелік болған ерімен бірге тірідей көму дәстүрі пайда болды. Мәселен, Цинь Ши – хуандимен бірге оның өзінен бала көрмеген әйелдері жерленді. Ал уақыт өте келе, мұндай жөнсіз дәстүр біршама жеңілдетілді: император қайтыс болғасын оның баласыз әйелдері мазарды қоршаған шарбақтың сыртындағы тұраққа көшірілген.

Көптеген қытайлық императорлар Шэньси провинциясының осы күнгі басты қаласы, өз кезегінде 11 династия өміріне куә болған, әрі 1180 жыл бойы Қытайдың астанасы болған Сиань қаласының төңірегінде жерленген. Мұндағы ең үлкен төбешік хань династиясының қуатты императоры У – дидің мазары үстінен төбешік тұрғызылған. Бұл төбешік көп ғасырлар бойына табиғат күшінің әсерінен қирау дәрежесіне дейін жетсе де, қазіргі күннің өзінде өз сәулеттілігімен көз тартады: бірнеше километрге жайылып, биіктігі 46 м – ге дейін созылған.

Қытай императорларының тағы да бір танымал мазары Пекин қаласының солтүстік – батысынан 70 км қашықтықта орналасқан. Мұнда - Ұзақ өмір сүру тауы (Тяньшоу) баурайында 40 км шаршы ауданды құрайтын Мин династиясының (1368-1644) императорларының қорымдары орналасқан [4, 36]. Алғашында Мин династиясы тұсында Қытайдың астанасы Нанкин қаласы болды. Бұл династияның Нанкинде жерленген алғашқы императоры өлген соң, Астана Пекин қаласына көшкен болатын. Аталған династияның қалған 13 императоры Тяньшоу тау баурайларында жерленді. Дәл осы тұста, бұл жер көпшілікке белгілі «Шисань лин» («Он үш мола») деген атауға ие болып шыға келеді.

Ханшайымдардың молаларының жанынан көптеген бағалы заттар мен қымбат әйел әшекейлері табылды. «Фыгуань» («феникстік әшекей») деген атпен белгілі әйел бас киімі малахит, кейде алтын феникс пен гүлдерден жасалды. Бір қызығы, мифтік феникс құсы ханшайымның эмблемасы болып саналды. Бұл бас киімді алтынмен безендіру немесе оған алтын құйып көркемдеу XVI ғ. соңы мен XVII ғ. бас кезіндегі зергерлік өнердің біртума үлгісі еді.

Минь династиясы кезінде ақсүйектердің отбасылық зираттарының алдында жол салып, оның екі жағынан мәрмәр немесе тастан соғылған адамдар мен жануарлардың мүсінін қою дәстүрге айналды. Бұл мүсіндердің саны, көлемі марқұм болғандардың өмір сүрген кездегі қоғамдағы орнына байланысты айқындалды. Мәселен, Пекин маңындағы минь династиясының 13 императорының зиратына кіреберіс жерінде жолдың екі жағында тастан қашалып жасалған әрқайсысы төрт-төрттен 24 жануар қойылған: арыстан, шиебөрі, піл, түйе, жираф, жылқы.[4, 39]

Тағы да бір қызықты мәлімет ретінде жесір Цыси император қайтыс болғанда (1908 жылдың 15 қарашасы) император сарайының территориясында қағаздан үлкен көлемде қайық жасалғандығын айтуымызға болады. Оны сан түрлі қағаз бұйымдармен толтырған екен. Олардың қатарында этектердің портреттері, фрейлин, тұрмыстық керек – жарактар мен сан алуан тамақ түрлерінің суреттері бар. Қайықтың тұмсығына марқұм Цысидің қабылдауында тұрғандай, айналасы лық толы ресми шекпен киген шенеуніктер аса құрметпен басын иіп тұрған кіп-кішкентай так жасап қойған. Құрбандық шалу рәсімінен кейін бұл бутафорияның барлығы да өртелді. Цыси патшаханымды жерлемей тұрып, бір немесе екі күн бұрын оның табытының жанында жоғарыда аталғандардан басқа қызметшілер, салт аттылар, түйе және тағысын тағы түрлі жануарлардың бірнеше жүздеген суреттері өртелген.

Көріп отырғанымыздай, мұның барлығы Цыси патшаханымның арғы дүниеде дәл өткен өміріндегідей шалқып, шаттықта өмір сүре алсын деген мақсатта жасалынғанын байқауымызға болады.

Қайтыс боларының алдында отағасы өзі соңғы сапарына аттанған сәтте қабіріне оның қандай сүйікті заттарының қойылуы керек екендігін атап көрсетіп кеткен. Бір ерекшелігі сол, ережеге сәйкес, марқұмға бірнеше мүмкін тіпті оның бұрын киген барлық шекпенін кигізген.

Батыс Қытайдың балықшыларының бар байлығы олардың қайықтары мен балық аулау жабдықтары болғандықтан, егер балықшы қайтыс болса, оны қабірге емес екінші бір қайықпен көмкерілген кішкене қайықпен жерлейтін болған. «Арғы әлемде» өзінің сүйікті ісімен айналыссын деп марқұмға «жолға» арнап көрме ау қолына ұстатып жіберген.

Дәстүрлі жерлеу рәсімінің қымбатшылығы және тығыз орналасқан аудандарда бос жердің жоқтығы Х ғ. бастап, өліктерді кремациялау, яғни оларды өртеп, күлін жинап алу әрекетінің кең таралуына негізгі себеп болды. Сұң империясының астаналарында, Оңтүстік–шығыста, Тайюань ауданында аталған өртеу рәсімі үкімет билігі тарапынан мүлде қолдауға ие болмаса да, жалпы жұрт таныған нормаға айнала берді. 963 жылы шыққан жарлық бойынша, «варварлардың дәстүрі» деп танылған кремациялауға тыйым салынды, бұл ретте тек рулық зират басына жеткізіне алмаған, жат жерде қайтыс болғандарға ғана өртеуге рұқсат етілді.

Марко Поло (1254-1324) еңбегіне сүйенсек, өлікті өртеп, күлін жинап алу рәсімі XIII ғ. бүкіл Қытай қалаларында жалпы жұртқа тән әдетке айналған. Дегенмен бұл рәсім аса танымал болды деуге болмайды, өйткені бұл Қытайдың билік басындағы өкілдері үшін «варварлық», яғни жабайы дәстүр ретінде қабылданды. Сөз жоқ, мұнда буддизмнің ықпалын көруге болады.

Жерлеу рәсімінен кейін әр үш жыл сайын – цинмин мейрамында, жетінші айдың он бесі күні және оныншы айдың бірінде әр отбасы төрт көзі түгел ата-бабалар басына келіп, моласының айналасын тазалап, құрбандық шалмай кетпейді. Сонымен қатар, жыл сайын әке – шешесі өлген күнді атап өту әдетке айналған, бұл күні қандай да бір шаруамен айналысуға, қонақ күтуге және көңіл көтеруге болмайды; ал шенеуніктердің жұмысқа шықпауға құқысы болды. Бұл дәстүрлі мейрам Қытайда дәл бүгінге дейін де тойланады.

Міне, қытайлықтардың о дүниелік өмір және жан туралы діни тұрғыдағы дәстүрлі көзқарастары және оның нәтижесінде қалыптасқан бабалар рухына табыну рәсімдері осылайша сипатталады. Уақыт өз кезегінде түрлі салт-жораларға өзгерістер енгізіп отырғаны түсінікті құбылыс. Алайда, феодалдық монархия құлағанға шейін қытай қоғамының барлық әлеуметтік топтарында мұндай дәстүрлі көзқарас сақталып келді.

Қазіргі таңда Қытайда жалпы о дүниелік өмір туралы белгілі бір қатып қалған көзқарас немесе жерлеу рәсіміне қатысты заңдылық жоқ. Ал жоғарыда аталып өткен өлікті өртеп, күлін жинап алу рәсімі Қытайдың халқы-

ның шектен тыс көп болуы, әрi тығыз орналасуы, одан келе, жерлеу орындарының жетiспеушiлiгiнен туған қажеттiлiк болып табылады. Қытайлықтар ежелден берi жерлеу рәсiмiнде ақ түстi киiм кiсе, ал бүгiнгi күнi батыстың ықпалы нәтижесiнде қара түстi киiм кюге көшкенiн байқауымызға болады.

1. Крюков М.В., Малявин В.В., Софронов М.В. Китайский этнос в средние века (VII-XIII). -М.: «Наука», 1984.
2. Крюков М.В., Малявин В.В., Софронов М.В. Китайский этнос на пороге средних веков. М.: «Наука», 1979.
3. Крюков М.В., Малявин В.В., Софронов М.В. Этническая история китайцев на рубеже средневековья и нового времени. М.: «Наука», 1979.
4. Сидихменов В.Я. Китай: страницы прошлого. М.: «Наука», 1974.
5. Малявин В.В. Китайская цивилизация. -М.: «Изд.: Астрель», 2000.
6. Васильев Л. С. Культы, религии, традиции в Китае. М., 1970.
7. <http://www.google.ru>.

В данной статье рассматриваются традиционные представления китайцев о душе и загробном мире на религиозной основе и её роль в китайской культуре. К заупокойным обрядам китайцы всегда относились с ещё большей серьезностью, чем к свадьбам, причем по разным причинам. Традиционные китайские представления о душе и загробном мире являются характерным образцом так называемого религиозного синкретизма в Китае. Наряду с этим, в статье описываются разнообразие различия мнений о загробном мире, которые в свою очередь, были сформулированы на основе религиозного синкретизма, а также их особенное влияние на жизнь нации.

This article examines traditional Chinese view of the human soul and the life hereafter on the basis of religion and its role in Chinese culture. The Chinese have always been treated with greater seriousness for the mortuary rites than for the wedding, and for different reasons. The traditional Chinese concept of the soul and the afterlife is a typical example of the so-called religious syncretism in China. Along with this, the article describes the various differences of views about the world beyond the grave, which, in turn, have been formulated on the basis of religious syncretism, as well as their special influence on the life of the nation.

К.Х. Таджикова, С.Ж. Курмышева

КОРАНИЧЕСКАЯ ВЕРСИЯ БИБЛЕЙСКОГО ПРОРОЧЕСТВА

Широко известным и научно обоснованным фактом в истории ислама является факт значительного влияния на формирование идей предшествующих ему эпох, в частности иудео-

12/02